

АУДАРМАШЫНЫҢ МІНДЕТІ АУДАРУ ЕМЕС – ҚАЗАҚША СӨЙЛЕТУ

Адуова З.Ә.

2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., доцент А.Е.Абдрахманова
Еуразия гуманитарлық институты, Астана қаласы

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының экономикасы, Білім және ғылым саласы, медицина саласы, ауыр және жеңіл кәсіпорын, транспорт, ауыл шаруашылығы т.б. салалары қарқынды даму барысында тұрғаны баршаға мәлім. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиясында Қазақстан халқына бірталай міндеттерді жүктеді, соның ішінде тіл білімі саласына, аударма ісіне ерекше көңіл бөлінді, көптеген аудармашылардың біліктілік деңгейінің төмендігі тілге тиек болды [1].

Филология ғылымдарының докторы, академик М.С. Серғалиев өзінің «Стилистика негіздері» атты кітабында аударма ісінде жиі кездесіп жататын стилистикалық қателерді аса шеберлікпен айқын көрсетеді. Мысалы, «Ондаған жылдар сіңісіп кеткен абитуриент сөзін соңғы кезде талапкер сөзімен алмастырып жүр. Тіпті абитуриент тілімізде қолданудан қалып бара жатыр десе де болады. Сірә, кейбіреулердің орыс сөздерінен құтылуды жөн санаған ойларынан туындап жатқан болар. Бірақ дәл осы жерде талапкер сөзі абитуриенттің баламасы бола алмайды, өйткені талапкердің мағынасы кең: ол қыз бен жігіттің оқуға түсу ниетін ғана білдірмейді, басқа да толып жатқан ой-арман иесі мағынасында жұмсалады, өзге де мақсатты орындауға талпынысын ұғындырады, қысқасы, әр саладағы талапты танытады. Мәселен, қызмет істеуге талапкер, спортпен айналысуға талапкер т.с.с.», - деп талдау береді [2]. Сондықтан аударма ісіне аса мұқияттылықпен, зеректілікпен, салмақтылықпен қарау керек.

Белгілі ғалым Мәкішев «Тұрпайы аудармалар шаршатып жіберді» деген мақаласында: «Өкінішке орай, біздегі аудармашылардың көбісі осы салада баяғыдан бері келе жатқан «аудармашының міндеті аудару емес, қазақша сөйлету» деген қарапайым қағиданы біле бермейді. Сенің еңбегіңді жұрт аударма емес, түпнұсқаның өзі екен деп қабылдауы қажет емес пе? Бұған қабілеті жетпегендерді тәржімаға жақындатпаған жөн. Ал бұл салада білдей маман атанып жүргендердің көбісі «аудармашының міндеті қандай?» деген сұраққа «аудару» деп қарабайыр жауап қайтаратынына сенімдімін. Мұндай тұрпайы түсінікпен біз қазақ тілін өрге бастырмаймыз. Онсыз да қазақ тілі қазір шала сауатты «мамандардың» кесірінен аударма тіліне айналып кетті. Тіпті жай ғана аударма тілі емес, «түсініксіз тәржіманың» тіліне айналды» [3], - деп, қазіргі аудармалардың сын көтермейтіндігін қинала жазады.

Аударманы тіл білімінен бөліп-жарып қарауға болмайды. Аударма – тіл қызметінің бір түрі ретінде бір тілде айтылған ойларды басқа тілдің

құралдарымен соған сәйкестікте немесе толық құндылықта беру процесі. «Аударма» сөзінің астарында белгілі бір тілдегі сөйлеу тілін ауызша немесе жазбаша мәтінді, сөзді басқа тілде қайталап жеткізу жатқаны белгілі. Аударма – сөйлеу қызметінің бір түрі болғандықтан, оның мақсаты сөз сөйлеу құрылымын қайта құру болып табылады, нәтижесінде мазмұнның өзгеріссіз жоспары сақталумен бірге, ойды жеткізу жоспары да өзгереді, бір тіл екіншісімен ауыстырылады [3]. Сондықтан аударма ісінде қазақ тілінің стилистикалық, грамматикалық, синтаксистік, морфологиялық қағидаттары мен нормаларының сақталуы аса маңызды. Ол үшін аудармашының міндетті түрде жоғары білікті тіл білімінің маманы болуы тиіс.

Өйткені тіл тазалығы – ұлтымыздың бет-пердесі, айнасы.

Аударма ісінде жиі кездесетін қателердің бірі – шет тілдерден енген сөздерді аударуда жіберілетін қателер. Елбасы «Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Мамандар халықаралық және аударылмайтын сөздерді қазақ тіліне аударуға әуес. Терминологияда көптеген мәселелер бар, мәселен, көне грек тілінен келген «музей» және «архив» деген сөздерді көптеген тілдер қабылдады. Біз оларға жасанды тәржіме жасап, «мұражай», «мұрағат» дедік, «композитор» - «сазгер», «пианино» - «күйсандық» болып кетті, - деді [1].

Ана тіліміздің көркемділігін, сыпайылығын, мәдениеттілік деңгейін көрсете білу тіл мамандарының, аудармашы мамандардың тікелей міндеті. Сондықтан аудармашылар сөз таңдау стилінде, төл сөзді төлеу сөзге айналдыруда қателер жібермеуі, синоним сөздерді, омоним, антонимдерді, эвфемизмдерді т.б. дұрыс қолдана білуі, архаизм мен неологизмдерді білуі тиіс. Осы мәселе туралы М.С. Серғалиев былай дейді: «Сөзді орнымен таңдай алмағандықтан немесе сөзге деген талғамның тайыздығынан талай авторлардың қателіктерге жиі ұрынып жататындары жасырын емес. Сондай қателіктердің бірі анахронизм деп аталады. Анахронизм әр кезде қолданылатын сөздердің өз кезеңінде пайдаланыла алмағандығынан орын алып жатады. Айталық, «1984 жылы қалалық департаментке неше рет барса да, пәтер алудың сәті түспеді» деген сөйлемдегі департамент сөзі қате қолданылған, өйткені бұл сөз Қазақстанның егемендік алған уақытынан бері ғана жұмсалып жүр» [2, 157].

Аудармаға қойылатын басты талап – автордың стилистикалық өзіндігін сақтау, яғни адамдардың келбет-бітімі, жүріс-тұрысы бір-біріне қандай ұқсамаса, олардың сөз саптау машығы да бір-біріне сондай ұқсамайды, ендеше сол ерекшелікті айыра білу керек.

Қазіргі таңда елімізде аударма мәселелері өзекті мәселелердің бірі болып табылады, оның алдында әлі де шешімі табылмай келе жатқан сұрақтар көп. Соның бірі аудармашыға қойылатын талаптар. Енді соған қысқаша тоқтала кетсек. Ғалым Ж.А. Жақыпов өзінің «Аудармашы анықтамалығы» атты еңбегінде «Аудармашы» мамандығына келесі кәсіби талаптарды ұсынады:

1. Ауызша аудармашының кәсіби тұрғыда қалыптасқан дауысы болуы қажет, ал ол шамадан тыс салмақ түскеннен бұзылса, қалпына келтіру тәсілдерін білуі керек.

2. Аудармашының міндеті кәсіптік талаптарына таза дауыс мәнері болуы, тілінде ақаулары болмауы жатады.

3. Аудармашы аударманың техникалық тәсілдерін игеруге міндетті. Оларға мнемотехника (есте сақтау тәсілдері), кодтаудың әртүрлі типтеріне ауыса білу, сөйлеудің компрессияға машықтығы мен тарқатымдылығы, сипаттай аударуда трансформациялардың кешендік түрлерін қолдана білуге ептілік жатады.

4. Аудармашы сөздіктерді және басқа ақпарат көздерін пайдалана білуі керек.

5. Аудармалық шартты белгілерді немесе қысқартылған жазбаларды игергені дұрыс.

6. Аудармашы шетел тілін билингвизмге (қостілділікке) жақын деңгейде игеруі, сондай-ақ сол тілде сөйлейтін халықтың мәдениетін білуі тиіс.

7. Ана тілінің және шетел тілінің негізгі жанрларын және мәтіннің негізгі типтерін игеру кәсіптік қызметтің табысты болуының маңызды шарты болып табылады.

8. Аудармашы екі тілге де өзінің сөз қорларын белсенді түрде толықтырып отыруға міндетті.

«Егер белгілі бір ойды өз ана тілімізде дәл бере алмасақ, мұны тіліміздің оралымсыздығынан көрмей, өзіміздің дәрменсіздігімізден көруіміз қажет» деген М.В. Ломоносовтың сөзімен ойымызды қорытындылаймыз.

Пайдаланылған әдебиет

1 ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2013.

2 Серғалиев М.С. Стилистика негіздері: Оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 273 бет.

3 Жақыпов Ж.А. Аудармашы анықтамалығы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі. 2009. -176 бет.